

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 шілдедегі N 843 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қыркүйектегі N 936 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 сәуірдегі № 199 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.04.2022 № 199 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 шілдедегі N 843 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 25, 265-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу ережесінде:

бүкіл мәтін бойынша "аумақтық орган", "аумақтық органға", "аумақтық органның", "аумақтық органда" деген сөздер тиісінше "жергілікті атқарушы орган", "жергілікті атқарушы органға", "жергілікті атқарушы органның", "жергілікті атқарушы органда" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган - бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган);

2) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;"

10-тармақта:

"алынған күнінен бастап бір жыл" деген сөздер "қаржы жылы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК